



13-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

## Көп жақты істі қарау





## Жоспар:

1. Англиядағы көп жақты істі қараудың төрт нысаны
  2. Өзара байланысты істер бойынша сынақтама
  3. Консолидация мен біріктіру
  4. Өкілдік сот өндірісі
- Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

## 1. АНГЛИЯДАҒЫ КӨП ЖАҚТЫ ІСТІ ҚАРАУДЫҢ ТӨРТ НЫСАНЫ

Англияда көп жақты істі қарау төрт нысанның бірінде жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) Іс бойынша жекелеген тұлғалардың әрекетін тоқтатумен байланысты істі сотта қарау;
- 2) Істі өкілдікпен қарау;
- 3) Бірлескен істі қарау;
- 4) Топтық істі қарау бұйрықтары аясындағы топтық талап қоюлар.

## 2. ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ІСТЕР БОЙЫНША СЫНАҚТАМА

Өзара байланысты көп жақты талап қою істері Үлкен сотпен шығарылатын шешімді күтетіндіктен тоқтатылуы мүмкін.

Мысал ретінде банк айыптауларына қатысты сот талқылауын келтіруге болады, Office of Fair Trading қарсы тарап Abbey National plc (2009) ісінің ең қызықты сәті ретінде банк клиенттерінің өздерінің кредиттік лимиттерінен асып түсетін ағымдық шоты бойынша жоғары төлемдерімен байланысты Жоғарғы соттың шешімі. Бұл істе барлық азаматтардың ақшалай қызығушылығы болды. Аталған күрделі істе тұтынушыларды қорғау мен сауда тәжірибесін реттеуде құзыреттілікке ие өкіметтік орган сот шешімін алу үшін өз өкілеттілігін пайдаланды. Бұл істегі үлкен қаржылық мәселеге қатысты банктер айыптаудан үзді-кесілді бас тартты, салдарынан іс құқықтық мәселелер бойынша Үлкен соттан Апелляциялық сот пен Жоғарғы Сотқа дейін жетті. Банктің көптеген клиенттері банк шотының жоғары төлемдері туралы шығатын Декларация олардың құқықтық көмек алуына негіз болады деген үмітпен (дегенмен бұл үміт ақталмады) қарады. Дегенмен сынақтама мысал клиенттердің үмітін ақтамады, Жоғарғы сот мүмкін болған жоғары төлемдер келісім-шарт ережесі аясында алынуы мүмкін емес деген Қаулы шығарады. Мұндай шешім келісім-шарт талабының тиісті заңмен анықталған шарттар еркіндігі аясындағы тыйым салынған бөлігіне сай шығарылды.

Банк дауларына байланысты сот талқылауларының сәтсіз аяқталуына қарамастан, мемлекеттік органдар қоғам немесе топтың атынан заң декларациясын (немесе өзге де қорғау құралдарын) алуға құқығы бар кезде, тараптар үшін сынақтама әдісі қолжетімді болып қала береді.

Мысалы, жекелеген мәлімдеушілер әрекетінің ұқсас мәселелері мен фактілеріне қарағанда жергілікті билік азаматтық соттарға қоғамның қызығушылықтарын қорғау үшін жүгіне алады. 1972 жылғы Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заңның 222(1) тарауы жергілікті биліктің талап қоюлары бойынша айтарлықтай азаматтық істерді қозғаған болатын. Бұл ереже муниципалдық биліктің жария құқықты (кең көлемдегі құзыреттілікке ие, қоғам қызығушылығы үшін әрекет ете алатын Бас прокурордан, Үкімет адвокатынан басқа) қорғауына қатысты. Заңның 222(1) тарауы жергілікті мемлекеттік құзыретті органдарға қылмыстық заңды қолдау немесе қоғамға бағытталған құқық бұзушылықтарға қатысты аудан тұрғындары атынан іс қозғауға, өндірістік механизмді жүзеге асыруға құзыреттілік берді. Осы ережеге сәйкес:

Егер жергілікті басқару органы өз аудан тұрғындарының мүддесін алға қарай жылжытып немесе қорғауды жөн деп тапқан жағдайда, жергілікті басқару органы өз атынан азаматтық іс қозғауға, сондай-ақ кез-келген азаматтық сот өндірісіне қатысуға немесе онда аудан тұрғындарының мүдделерін қорғауға құқылы.

Birmingham CC v. Shafi (2008) ісінде прецеденттік құқықтың 1972 жылғы Заңның 222 бөліміне қатысты тұстары қарастырылған болатын. Бұл істе қалалық кеңес аталған бандалық топ мүшелерінің заңсыздықты тұтатуы мүмкін деген себеппен оларды қала орталығына немесе өзге де қаланың бөлігіне кіруіне жол бермес үшін сот тыйым салуын алуға талпынған. Апелляциялық сот жергілікті билік органдарының көмек алуы осыған ұқсас бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатын «ASBOs» (қоғамға қарсы әрекет үшін бұйрықтар) ережесін бұзған жағдайдағы параллель құзыреттілігінен асып түсетіндіктен Заңның 222 тарауын қолдану мүмкін емес деген Қаулы шығарды.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Көп жақты істі қарау

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

Аталған тақырыптың өзгешелігі іс жүзінде өзін қорғауға мүмкіндігі жоқ адамдар немесе адамдар тобының құқықтарын қорғау мақсатында мемлекеттік органдардың альтруистік немесе қамқоршылық құқықтық араласуы. Мысалы, Re L (2010) ісінде Отбасылық бөлімнің Президенті Nicholas Wall мырза, жергілікті билік органдарымен жасалған үлкен ұлдарының өзінің осал ата-анасын азғырушылығының алдын-ал мақсатындағы сот тыйым салуы туралы мәлімдемесін «алдын-ала ескертусіз» өз күшінде қалдырған. Бұл сот тыйым салуы ата-анасы ақыл-есі дұрыс, әрекет қабілетсіз болмаса да заңды болып табылады. Судья осал топтарды қорғауға қатысты заңмен жіберілген олқылықтарды толтыруға соттың имманентті құзыреті бар екендігін атап өтті. Бұл істе осал ата-анасының ақыл-есі дұрыс болғанына, қамқоршылардың әрекеті заңда қарастырылмағанына қарамастан, әділ әрі заңды болып саналды.

Local Authority v. DL (2012) істе апелляциялық сот қаулы шығарды, қаулыға сәйкес 2005 жылғы Психикалық әрекет қабілеттілік туралы заң қоғамның осал ересек азаматтарына көмек ұсыну туралы соттың заңды құзыретін ешкім алып тастамағандығын атап өтті, кейінірек мәжбүрлі неке туралы ХСС v. AA (2012) ісінде судья Parker істі жалпылама қорытындылады.

### 3. КОНСОЛИДАЦИЯ МЕН БІРІКТІРУ

Бірлескен талап қоюшыларды біріктіру мен консолидация жасау дегеніміз — көп жақты әрекет бойынша істі біріктіріп қарастыру болып табылады. Топтық талқылау бұйрығы талқылаудың барлық кезеңінде соттың жоғары басқару деңгейімен ерекшеленеді.

Аталған іс бойынша сот өндірісін реттеу ережесімен көзделген сот қадағалауы екі тарапқа қатысты әділеттілік пен істі жеделдетуге, сондай-ақ тиісті талап қою тобындағы санаттар мен қатысушыларға қатысты әділетті қарым-қатынаспен байланысты. Сондай-ақ, аталған істі жүргізуші соттардың мұндай істе тәжірибесі мол. Топтық талқылау бұйрығы бойынша талқылау «қосылу мүмкіндігі» жүйесі («қосылу мүмкіндігі» жүйесіне сай топтың мүшесі ретінде тек топқа қосылуға ерік білдірген тұлғалар ғана қатыса алады) бойынша жұмыс жасайды. Мұндай нысанды қолданушы мәлімдеушілер санына ешқандай шектеу енгізілмеген. Мысалы Weir қарсы тарап Secretary of State for Transport (№ 1) ісінде мәлімдеушілер тобы «Талап қоюшылар комитетін» құрды. Аталған комитет бір ғана талап қою нысанын жасаған, ал іс бойынша тең қатысушылар құқына ие болған бірлескен талап қоюшылар тобы өте үлкен (бұл іс бойынша 50 000 акционер). Бұл талап қоюшылар қарсы жауапкер компаниядан ақшалай өтемақыны алуға талпынды. Сондай-ақ бірлескен талқылау «қосылу мүмкіндігі» жүйесі бойынша әрекет еткен.

Консолидацияланған процедура дегеніміз — бірнеше тарап қатысатын сот жүйесі. Егер сот өндірісінің басында мәлімдеушілер қатысуға рұқсат алмаса, олар талқылауға қосыла алмайды.

Дегенмен, Adams қарсы тарап Ford (2012) ісінде адвокатқа өз аттарынан іс қозғауға құзыреттілік бермеген талап қоюшылар аттары енгізіліп, талап қоюшы мәлімдемесінің әдейі жалған жасалғанына қарамастан Апелляциялық сот талап қою нысаны заңды деген қаулы шығарды. Бұл істе үлкен талап қоюшылар тобының мәлімдемесі талап қоюдың бір нысанына біріктірілген. Сот өндірісі азаматтық іс-жүргізу уақытынан асып кетпеу үшін тез арада талқылауды бастап кетті. Іс басталмай тұрып, талап қоюшылардың сот өндірісіне қатысуға рұқсат алғанын анықтап алғаны дұрыс. Дегенмен, талап қоюшылардың көпшілігі шынайы түрде қатысып жатқан талап қою нысанынан талап қоюшыларды сот өндірісі барысында сызып тастауы үйлесімсіз болатын еді.

Көптеген талап қоюшылардың бір істе бірлесіп қатысуы — заңды өкілдікті пайдалануда қаржылық үнемдеуге мүмкіндік береді.

Дегенмен телефон бұзушылығына қатысты сот өндірісінде 55 заң фирмасы шамамен 100 талап қоюшыға өкілдік етті. Жалпы топтық талқылау бұйрығы істі жүргізіп жатқан адвокатқа іске қатысты мәселені біріктіруге мүмкіндік береді.

### 4. ӨКІЛДІК СОТ ӨНДІРІСІ

Талқылау барысында талап қоюшының өкілі өз атынан немесе өзге тұлғалардың (ұсынылған топ) атынан талап қоя алады. Ол жалғыз ғана талап қоюшы деп танылады, яғни «өкіл» ғана сотқа қатысушы тарап болып саналады. Ұсынылған топ мүшелері іс бойынша тараптар қатарына жатпайды.

Дегенмен аталған топ мүшелері *res judicata* шешімінде (немесе бұл шешімге бағынады) артықшылықтарға ие, мәселен заңды құқық декларациясындағы қолайлы басымдылыққа ие болу. Демек, бұл талқылау нысаны «шығу мүмкіндігі» жүйесі аясында жұмыс жасайды. Өкілдік талқылау декларативті көмек алуда тиімді құрал ретінде саналады: жеке өтемақымен қамтамасыз етуге байланысты талап қоюда үлкен



көлемдегі өкілдік ететін тұлғалардың талап қоюы күшті әрі шешуші элементті құрайды. Сонымен қатар, сот талқылауындағы өкілдік механизмін икемді қолдануы ақшалай өтемақы алуға қатысты көп жақты талап қою істерін жеңілдетуге болатыны соттың соңғы шешімдерінде аталып өтілді.

Дегемен өкілдік талқылау Англияда салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Қолданыстағы заңнамаға сай (АСӨ туралы 19.6 ережесі):

Егер талап қою арызында бір іс бойынша бірнеше тұлғаның қызығушылығы болса:

Сот істе қызығушылығы бір тұлғалар немесе тұлғалар тобы атынан бір немесе бірнеше қызығушылығы бар өкілге бір талап қою туралы бұйрық шығара алады.

Егер сотпен өзгеше көзделмесе, осы ережеге сәйкес әрекет еткен өкілдің талап қою арызы бойынша сотпен шығарылған кез-келген шешімі немесе бұйрығы:

1) Талап қоюда көрсетілген кез-келген тұлғаға міндетті күші бар;

2) Тараптар қатарына кірмейтін немесе үшінші тарапқа қатысты сот рұқсатымен орындауға міндетті болып табылады.

1981 жылғы Үлкен соттар туралы Заңның 151(1) тарауында азаматтық іс-жүргізудегі «тарап» қатарына сот ережесіне немесе өзге де заңнамаға сәйкес хабарлама берген немесе талқылауға араласқан кез-келген тұлға танылады. Дегенмен егер ережеде өзгеше көзделмесе (қазіргі таңда ондай ереже жоқ) бұл өкілдік еткен тұлғаның «тарап» болып саналмайтындығын және өкілге талқылау туралы хабарлама берілуі қажет емес екенін көрсетеді. Шын мәнінде аталған тарап икемді позицияға ие. Ол өкілдің толық тарап немесе іс тағдырына қызығушылығы жоқ жәй куәгер ретінде де қаралмайтынын білдіреді (демек оның сот шығындары бойынша жауапкершілігі жоқ, сондай-ақ құжаттарды ашуға немесе талап етуге құқылы емес). Шындығында өкіл тек істің шешімімен байланысты: егер сот өзгеше деп таппаса, осы ереже бойынша тарап ретінде өкіл қатысып жатқан талап қою бойынша кез-келген шешім немесе қаулы талап қоюда көрсетілген барлық тұлғаларға міндетті болып табылады.

### Өкілдік:

1) Өкілдің тиісті бір топпен таңдалуы немесе тағайындалуы туралы ереже жоқ, демек өкіл өз еркімен әрекет ете алады.

2) Сот тұлғаны өкіл ретінде әрекет ете алмайды деген қаулы шығаруы мүмкін. Бұл іске қолайлы емес өкілді істен шеттенуге мүмкіндік береді;

3) Ереже бойынша кез-келген тарап сотқа өкілді істен шығару туралы өткініш беруіне болады, дегенмен бұл өкілдік етіп тұрған тұлғаны талап қою бойынша «тарап» ретінде қарастыруға болады ма деген заңды сауалды туындатады.

Мысал. Моон қарсы тарап Atherton (1972) ісінде, АСӨ дейінгі ереже шектеулі мақсатта ғана бұрынғы өкіл наразылығын тоқтатқан кезде, тұлғаның өкілдік міндетін өзіне алуын қарастырып, өкілдік етуші тұлғаны «тарап» ретінде тануға рұқсат берген болатын.

Өкілдік ететін тұлғалар өкілдік топтың талап қоюы туралы хабардар болмайды, сондай-ақ істің барысы туралы да оларға хабарланбайды. Талап қоюшы немесе жауапкердің өкілі *dominus litis* (латын тілінде іс қожайыны деген мағына білдіреді) болып табылады, сондықтан өкіл талап қоюшыны немесе қорғау барысын қатерге тігуі мүмкін. Сонымен қатар аталған тұлғалар өз келісімдерін беріп және істің қатысушылары деп танылмаса, өзара байланысты болмайды.

### Сот талқылауындағы өкілдікті реттеу:

1) Өкілдік талқылау соттың рұқсатынсыз (керісінше, сот істі өкілдік нысанда жүзеге асырылуы туралы бұйрық беруі мүмкін) басталуы мүмкін.

2) Егер өкілдік етуші тұлғалар кәмет жасына толмаған немесе ақыл-есінде ауытқуы бар әрекетке қабілеттігі жоқ болмаса сот өкілдік үдресін реттеуді құптамайды.

Соттар өздерінің имманетті құзыретін өкілдік сот өндірісін реттеп, қадағалауда қолдануына болады. Дегенмен, бұл имманетті құзіретті соттар қолдана бермейді, салдарынан өкілдік ететін тұлғаларға толық кеңес берілмей, шығын алып келуі мүмкін жағдайлар тәжірибеде кездеседі.

Өкілдік талқылау бір топ тұлғалардың қызығушылығына қатысты даулы мәселені тиімді шешу құралы болуы мүмкін. Бұған Equitable Life Assurance Society қарсы тарап Human (2002) тамаша мысал бола алады, бұл істе жауапкер (адам өмірін сақтандырушы компания) өкілдік талап тоюды қаржыландырған болатын.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Көп жақты істі қарау

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

Нәтижесінде аталған іс бойынша Лордтар палатасы декларативтік акт (мойындау туралы шешім) шығарды. Онда жауапкер компаниямен берілген адам өмірін сақтандыру полисі бойынша түсіндірме береді. Бұл шешім 90 мың полис иегерлері үшін міндетті болды. Өкілдік механизмі заңды тұлға құзыретіне ие емес (қарсылық көрсетуші топ) ассоциация заңын бұзуға қатысты мәжбүрлі шаралар беруде қолданыла алады.

Дегенмен өкілдік талқылау әлі күнге дейін Англияда екі себепке байланысты кең таралмаған.

Біріншіден, шығындар бойынша барлық қатерді талап қоюшы өзі көтереді. Жоғарда айтылғандай, өкілдік етуші тұлғалар соттың толық қатысушылары болып табылмайды. Сондықтан, өкілдер тараптар ретінде сот шығындары үшін жауапты болмайды (сонымен қатар, талқылау олардың келісімінсіз басталып ал бітімгершілік келісім олардың келісімінсіз жасалуы мүмкін). Демек, бұдан шығатын қорытынды өкіл талқылаумен байланысты өз шығындарын өзі көтеруі қажет, ал егер іс жеңіліс тапса, жауапкердің де шығындарын төлеуге міндетті. Егер тіпті өкіл істі жеңгенімен, ол жеңіліс тапқан оппоненттен барлық шығындарды өндіріп алмау қаупінде болады. Егер өкілдік етуші тұлғаларды сот шығындарын бірлесіп көтеруге өкіл көндіре алмаған жағдайда, сот шығындары іс соңында кем дегенде өкілдің мойнына жүктеледі. Осы себепке байланысты, мүмкін болатын талап қоюшының өкілдері сот шығындарына қатысты қауіпшен қарайды.

Екіншіден, соттар ортақ қызығушылық ұғымына тар мағынада түсінік береді. Англиядағы әдеттегі өкілдік талқылаулар өкілдік топтардың шығындарын өтеу туралы шешіммен өте сирек аяқталады. Бұл жерде АҚШ-тағы топтық талап қою арыздарының айтарлықтай айырмашылығын байқауға болады.

Джон Сорабджидің көрсетуінше: «Азаматтық сот өнідірісінің федералды ережесінің 23(а) тармағы топтық талап қою ретінде талап қоюды қабылдаудың төрт міндетті шартын белгілейді:

- 1) Көп сандылық, яғни адамдар санының өте көп болуы салдарынан, олардың талабын бір іске біріктіру мүмкіндігінің болмауы;
- 2) Ортақтық, яғни факті немесе құқыққа байланысты ортақ мәселенің болуы;
- 3) Бір типтілік, яғни өкілдік талабы немесе наразылығы барлық топ адамдары үшін бірдей болуы; өкілдің наразылығы барлық топ наразылығымен бір типті болып, басқаша айтқанда, өкіл өкілдік ететін топқа кіруі қажет;
- 4) Өкілдер топтың мүддесін адал және дұрыс қорғауы тиіс.

Англияда соттың «егер бірнеше тұлға талап қоюда бірдей қызығушылығы болса» деген тар мағынадағы түсініктемесі қиындық тудыратын жәйт. Өкілдік талқылауда шығындарды өндірудегі кедергі Апелляциялық соттың Markt & Co Ltd қарсы тарап Knight SS Co Ltd (1910) ісі бойынша туындайды. Сот мүмкін болатын адамдар тобы талап қоюды бір негіздемеге сай берсе (мысалы, шартқа немесе ұқыпсыздықпен байланысты болса) немесе талап қоюлар бір оқиғаға байланысты күрделі фактілермен байланысты болса да ол жеткіліксіз деген қаулы шығарды. Талап қоюда әртүрлі наразылықтардың болуы (мысалы, ұқыпсыздықпен байланысты талап қоюларда немесе жауапкершілікті шектеу туралы келісімнің әртүрлі шарттарына байланысты) өкілдік талап қою мүмкіндігін мүлдем жоққа шығарды.

### **ҚР АПК 57 бабы «Сотта істі өкілдер арқылы жүргізу» мәселені келесі жолмен реттейді:**

1. Азаматтар өз істерін сотта жеке өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Азаматтың іске өзінің қатысуы оны бұл іс бойынша өкіл болу құқығынан айырмайды.
2. Заңды тұлғалардың істерін сотта өздеріне заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттарымен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін олардың басшылары және (немесе) олардың өкілдері жүргізеді.

### **ҚР АПК 58-бабы бойынша «Тапсырма бойынша өкілдік ету» құқығына ие бола алады:**

- 1) заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалардың жұмыскерлері, ал мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің істері бойынша – осы мемлекеттік органдардың



жұмыскерлері;

2) кәсіптік одақтардың – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша уәкілетті өкілдері;

3) адвокаттар;

4) заңмен, жарғымен немесе ережемен осы ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ басқа да адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті өкілдері;

5) басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі;

6) іске қатысатын адамдардың өтініші бойынша сот рұқсат еткен, жоғары заң білімі бар басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады.

### **ҚР АПК 60-бабына сәйкес «Өкілдің өкілеттіктері» қатарына жатады:**

1. Тапсырма бойынша өкіл талап қою арызына қол қоюдан, істі төрелікке беруден; татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаудан, талап қоюдан немесе талап қоюды танудан толық немесе ішінара бас тартудан, талап қою талаптарының нысанасын ұлғайтудан немесе азайтудан, талап қоюдың нысанасын немесе негізін өзгертуден, өкілеттіктерді басқа тұлғаға беруден (сенімді басқаға аударудан); сот актісіне апелляциялық, кассациялық тәртіптермен шағым жасаудан, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актісін қайта қарау туралы арыз беруден, сот актісін мәжбүрлеп орындатуды талап етуден, сот алып берген мүлікті алудан, апелляциялық шағымнан, өтінішхаттан бас тартудан басқа, осы Кодексте көзделген барлық процестік әрекеттерді өзі өкілі болып отырған тұлғаның атынан жасауға құқылы.

### **ҚР АПК 61-бабына сәйкес «Өкілдің өкілеттіктерін ресімдеу»**

- Өкілдің өкілеттіктері заңға сәйкес берілген және ресімделген сенімхатта көрсетілуге тиіс.
- Заңды тұлғаның атынан сенімхатты тиісті заңды тұлғаның басшысы немесе осыған уәкілеттік берілген өзге де тұлға береді.
- Сенімхат сотқа жазбаша нысанда немесе сенім білдірушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

### **Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер**

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.
4. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V (с изм. и доп. по состоянию на 24.04.2019 г.)
5. Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан. Астана, 2016. // [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=32469410#pos=2;-248](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32469410#pos=2;-248)